

УДК 343.15

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ЭВТАНАЗИЯ КЕРЕК ПЕ?

Зубин Димарал Бахтанқызы

dimaral.zubina.99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті
«Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Мұратханова М.Б.

Эвтаназия - бұл адам өмірін оның өтініші бойынша әдейі тоқтатуды білдіретін дәрі - дәрмектік рәсім болып табылады. Бастапқыда бұл ұғым адамның өмірден оңай кетуге мүмкіндік берді, кейін ол медициналық алғышарттар мен психикалық жағдайдың міндетті талаптарымен толықтырылды. Оны «лайықты» немесе «жақсы өлім» деп те атайды, себебі емшараның мақсаты – науқастың келісімі бойынша немесе жақындарының рұқсатымен азаптауды тоқтату. Өмірден өз еркімен кету тәжірибесі Ежелгі Грецияда қалыптасқан болатын, себебі сол уақытта қарт адамдар мен мүгедектердің өзіне-өзі қол жұмсауының көбеюіне байланысты болған.

«Эвтаназия» термині екі грек сөзін біріктіру жолымен құрылған: *EY* – игілік, асыл және *thanatos* – өлім. Бұл термин ғасырлар көп – ол XVI ғасырда ағылшын философы Фрэнсис Бэконмен ғылыми айналымға енгізілді. Бірақ алғаш рет эвтаназия XX ғасырда ғана заңдастырылды. Алғаш рет «эвтаназия» термині XVI ғасырда философ Фрэнсис Бэконд жеңіл өлімнің актісін анықтау үшін пайдаланды. Идея сол кезде де, қазір де өліммен ауыратын пациентке өмірден кетуге көмек көрсету болып табылады. Емделмейтін ауру

кезінде адам өз қалауы бойынша дәрігерден аурусыз және азапсыз өлу үшін өлім инъекция туралы сұрай алады. XX ғасырдан бастап эвтаназия ерекше танымал болды. Бірақ бұл тәжірибені ұлтшылдардың қылмыстық және бұрмаланған пайдалануы идеяның өзін толығымен беделін түсіреді.

Әлемде эвтаназия көп елдерде заңмен бекітілмеген. Ал бірқатар елдерде эвтаназия туралы заң қабылданған. Ол елдер қатарына: Нидерланды, Германия, Бельгия, Швеция, Швейцария, США (Оригон және Вашингтон штаты). Ол заңда ересектер эвтаназиясы және балалар эвтаназиясы қарастырылған. Мысалы, Бельгия елін алайық. Бельгияда 10 миллион 414 мың адам тұрады. Бұл елде эвтаназияға 2002 жылы заңмен рұқсат берілді. Бір жылдан соң, яғни 2003 жылы эвтаназия өлім қаупімен ауратын 200 адамға көмектесті. Ал 2004 жылы 360 пациент эвтаназияны пайдаланды. 2014 жылы Бельгия үкіметі балалар эвтаназиясы жайында заң қабылданды. Бұл Бельгияда кез-келген адам жасына қарамай-ақ эвтаназияны қолдана алады деген сөз.

Алайда, Бельгияда эвтаназия процестері қатаң түрде қадағаланады. Келесі эвтаназияны заңдандырған елдердің бірі- Нидерланды. Нидерланды елінде 1993 жылы 12 бөлімнен тұратын эвтаназия туралы заң қабылданды. Бірақ бұл заң тек 2002 жылы ғана күшіне енді. Осылайша Нидерланды елі ең алғашқы эвтаназияға заңмен рұқсат берген ең бірінші ел болды. Нидерланды заңы бойынша эвтаназияны қалаған пациенттің жасы 12-ден жоғары болуы керек және пациентке дәрігерлерден ешқандай көмек болмайтыны, пациенттің өлуі мүмкін екендігі дәлелденуі керек. Ол дәлелдеулерді дәрігерлер дайындайды және осы дәлелдеуден кейін ғана пациентке эвтаназияға жол беріледі. Ал Германия мен Швейцарияда егер бір адам келесі адамға өмірден өтуіне көмектессе және бұдан ешқандай пайда көрмесе ол адам заң бойынша жазаланбайды. Бұл жерде ассистендірілген эвтаназияны көруге болады, яғни көмектесуші адам ассистент болып табылады. Немесе пассивті эвтаназияны алып қарастырсақ. Пассивті эвтаназияның кезінде пациенттің өлуіне дәрігерлер көмектеспейді, тек жай ғана пациентті емдеуді доғарады.

Эвтаназияның бұл түріне Калифорния штатының жоғарғы соты 1976 жылы рұқсат берді. Бұндай пассивті эвтаназия қазір АҚШ-та кеңінен тараған. Сонымен қатар, 2004 жылы Израильде және Францияда пассивті эвтаназияға рұқсат берілген. Соңғы кезде әлемде жиі көтеріліп жүрген өзекті мәселелердің бірі — ел арасында «жеңіл өлім» аталып кеткен эвтаназия мәселесі. Эвтаназия — айықпас дертке шалдыққан науқасты өзінің және туған-туыстарының келісімі бойынша медициналық тәсілмен өлтіру болып табылады (яғни дәрі егу, т.б. арқылы). Турасын айтқанда, адам өмірін қолдан қию деген сөз.

Адамзат тарихындағы осындай жан түршігерлік жайт-тарға қарамастан, медицина атасы саналатын Гиппократ: «Мен сұрап келгендерге ешқашан өлтіретін улы қоспаларды бермеймін және оларды жасайтын жолды да ешкімге көрсетпеймін», — депті. Ал оның замандастары Платон, Сократ,

Аристотельдер болса, керісінше «жеңіл өлімді» қолдап, «Бұл әдістің өлім аузында жатып қиналғандарға пайдасы бар» деп есептеген. Тіпті Сократ та өз-өзіне қол жұмсап, «цикута» атты адам ағзасына зиянды улы ішіп өлген екен.

Эвтаназияның құлмыстық-құқықтық белгілері жүйесін бөліп шығаруда, жәбірленушінің өтініші бойынша жасалған қылмыстың – жаңа дербес қылмыс құрамын белгілеу туралы мәселе қоюда, ұсынылып отырған құрам мен басқа да аралас қылмыс құрамы арасын соның ішінде, Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабында жауапкершілігі қарастырылған кісі өлтіруді ажыратуына ыңғай жасайтын, эвтаназияның осы ұғымында өз артықшылықтары бар. Эвтаназияны қолдайтындардың пікірінше, эвтаназия жасау ережеге сәйкес науқас тарапынан ерікті түрде болып және дәрігердің тарапынан пассивті түрде болуы тиіс. Ми ажалының қайтымсыз болуы жағдайында реанимацияны тоқтату эвтаназия болып табылмайды. Бұл жағдайда аспап адамның сыртқы өмірін ғана, яғни қан айналымы мен тыныс алуын ғана жүргізіп тұрады, ал шын мәнінде адам қаза болған, ол ауруды сезбейді, себебі оның өмір сүру көзі – миы өлген. Бұл «жеңіл өлім» түрі адам өлтіруге де, эвтаназияға да жатпайды. Егер науқас аздаған уақытта өлімге соқтыратын ем қонбайтын аурумен ауырса, оған жасалған барлық терапия оның өмірін адам төзгісіз жағдайда тек аз уақытқа ғана соза алатын болса, оған эвтаназия қарастырылмайды, «қиналмай өлуіне жол береді».

Осылайша эвтаназия ұғымында осындай қарама-қайшы сипаттары бар. Алға қойылған мәселені шешу үшін заң шығарушы органдар эвтаназиямен байланысты даулы мәселелерді заң және ережелерге сай, регламенттеуге міндетті. Биоэтика бойынша халықаралық конгрестер мен конференцияларда бұл тақырыптың өзекті болуы бекер емес.

Ажал үстіндегі науқасқа аяушылық таныту және адамның азап шегуі жағдайына байланысты жауаптылық пен жазаны жеңілдетуі бойынша едәуір маңыздылықты иеленеді. Осыған орай өлтірудің айрықша түрлерінің тізіміне аяушылық танытып өлтірудің құрамдас бөлігі болатын эвтаназия күйінде өлтіруді қосу негізді болады. Белгілі Ресейлік ғалым-криминолог С.В. Бородин осындай көзқарасты қолдаған.

Кінәлінің әрекетін қылмыстық-құқықтық саралау кезінде белсенді және бәсең (активті және пассивті) эвтаназия ерекшеліктерін есепке алу қажет. Белсенді эвтаназияны жүзеге асыру әрқашан қылмыс болып сараланады; ал бәсең эвтаназияға қатысты екі нұсқа болуы мүмкін:

- кінәлі тұлға науқастың өтініші бойынша өмірін демеп тұрған аспапты өшіруі нәтижесінде науқастың өліміне әкеп соқтырады;

- науқастың өзі өмірін демеп тұрған дәрілік заттарды қабылдаудан бас тартып, нәтижесінде өлімге әкеп соқтырады.

Бірінші нұсқа есі түзу кезде аппаратты өшіруді талап еткен толықтай сал болған (паралич) науқастарға қатысты (бұл міндетті шарт, кінәліге қатысты аяушылық жасап өлтіру туралы басқаша айтуға болмайды). Біздің заңнамада науқастың не оның заңды өкілінің өтініші бар болуы міндетті

емес, арнайы аспапты өшірген тұлға қылмыстық жазаға тартылады, тіпті олардың әрекеті белсенді эвтаназия болсада адам өлтіру болып танылады.

Эвтаназия түрлерін жіктеу үшін негізгі критерийлер ретінде науқасты қасақана өлтіруге бағытталған әрекеттердің сипатын есепке алу қажет. Осыған байланысты, эвтаназия белсенді және бәсең түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Заң тұрғысынан эвтаназия саналы түрде қазаға ұшырату деп танылады. Демек, қылмыстық заң бойынша эвтаназия адам өлтіру ретінде қарастырылады. Елімізде осы іс әрекетті жүзеге асыруға заң бойынша тиым салынған. Яғни, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодекстің 141-бабы бойынша «Эвтаназияны жүзеге асыруға тыйым салынады».

Эвтаназияның негізгі екі түрі бар: белсенді эвтаназия(пациенттің тез өлуі үшін түрлі дәрі-дәрмектер беру) және пассивті эвтаназия(Пациентті мүлдем емдемеу; аурумен күреспей). Эвтаназияның бұл екі түрін де заңды түрге айналдыру бүгінгі көп қозғалып жүрген мәселелердің бірі. Эвтаназияны жақтаушылар бұндай өлімнің жақсы жақтары көп екеніне сендіруге тырысады. Мысалы, емделмейтін аурулармен ауратын адамдарды химиялық түрлі терапиямен қинамай, оларға тез және қолайлы жағдайда өлуге мүмкіндік беру керек. Сонымен қатар, кейбір мемлекеттер өмірден үмітін үзген жандарды емдеу үшін қаржы бөлгісі келмейді. Яғни, эвтаназия ел экономикасына мүлдем әсер етпейді және оның қаржысын үнемдейді. Осы жерден эвтаназияның жақсы жақтарына бірнеше аргумент келтіріп кетуге болады.

Кез-келген адамның өмір сүруге немесе өлуге толықтай құқығы бар. Яғни, адам өзі қалаған уақытында өмірден өтуіне көмектесуге болады. Ал адамның өлуіне көмектесу бұл – эвтаназия. Мысалы, асқынған ауруға душар болған жандар кейде өмірді жалғастырғысы келмейді. Соның өзінде ол өте қымбат ем алып, өмірінен көп үміт күтеді. Бірақ ешқандай медицина оның өмірін сақтай алмауы мүмкін. Сондықтан да, осындай жандар үшін эвтаназияны енгізу керек деп ойлаймын. Келесі бір ой, адамның жеке өміріне, оның жеке шешіміне ешқандай моральдық, әлеуметтік жағдайлар әсер етпеуі керек. Сонымен қатар, мемлекетке адам өмірі қаншалықты маңызды болса, сол адамның шешімі де соншалықты маңызды болу керек. Демек, ол адам өмір сүргісі келмесе, оған және оған көмектесуші «ассистенттерге» рұқсат берілуі керек. Өмірді жақсы сүріп, оның барлық мүмкіншіліктерін пайдаланып, мәдениет пен өнерді, барлық қызықты көргенде ғана өмір сүруге болады. Ал жазылмайтын аурумен ауырғанда өмірдің барлық қызығы кетеді. Оның барлық үміті сөнген кезде оның өмірді жалғастырғысы келмейді. Эвтаназия – суицид емес. Кез-келген адамның өмір сүргісі келмесе, өмірге деген қызығушылығы жоқ болып, өмір сүрмеймін деген шешімге келсе оған оңай әрі тез өлуге көмектесу қажет. Әрине, бұл ойларға қарсы аргументтерде бар. Көп адамның ойлауынша эвтаназия - былай қарағанда өзін-өзі өлтіру. «Эвтаназия не екені түсінікті. Бірақ эвтаназия кезінде пациенттер өлімді таңдаған күннің өзінде олар қолайсыз жағдайларда қалуы

мүмкін. Оған қоса, эвтаназияға дәрігерлердің қатысуы мүлдем дұрыс емес» деп ойлайтындар да бар. Олардың ойынша, эвтаназия пайдасына қарағанда зиянын көп тигізеді. Себебі, дәрігер мамандығы пациентке өлу мүмкіндігін беру емес, дәрігер мамандығы – пациенттерді емдеп, жазу. Егер эвтаназия дұрыс бақыланбаса, оның әлеуметтік қақтығыстармен бітуі мүмкін. Эвтаназия барлық этикалық тыйымдарға қарсы келеді. Эвтаназиямен пациенттің өмірін аяқтағаннан көрі пациенттердің ауруын толық зерттеп, оның жазылуына керекті барлық жағдайды жасау керек. Немесе кейбір топтардың ойынша «эвтаназия адамдарды алдау, иллюзия. Яғни, дәрігерлер адамды емдеудің жолын іздемей, пациентке өлудің жолын көрсетуде.»

Адамгершілік тұрғыдан қарағанда да, адам өмірі ең маңызды, сондықтан да эвтаназия дұрыс емес. Ал діндерге келетін болсақ, Ислам, Христиан діндерінде эвтаназияға жол берілмейді. Себебі, жаратушы берген өмірді соңына дейін сүріп, кез-келген қиындықта соңғы үміт сөнгенше күресу керек. Марсия Энджелл, медицина ғылымдарының докторы, Гарвард медициналық мектебінің аға оқытушысының айтуы бойынша: Діндік тұрғыдан қараған да эвтаназияға қарсы келеміз. Ешқандай дінде өзін-өзі өлтіруі кешірілмейді. Бұл жерде логикалық адасу байқалады. Себебі, Далай-Ламаның айтуы бойынша Будда дінінде адам өмірінің мәні кетіп қалса, ол өмірін одан әрі жалғастырмауына болады. Этикалық, моральдық жақтарда да эвтаназия дұрыс емес. Сондықтан адамдардың ойы екі жаққа бөлінеді.

2014 жылы Бельгияда балалар эвтаназиясы заңдандырылған кезде, «эвтаназия» тақырыбы Қазақстанда да көптеп көтерілді. Қазақстан денсаулық сақтау министрлігінің басшысы Салидат Қайырбеков «Эвтаназия өте қиын тақырып, эвтаназияға заңды түрде рұқсат берместен бұрын көп ойлану керек және көпшілікпен бірге қоғам алдында талқылау керек. Себебі, маған бұл тақырыпта жазылған көптеген хаттар келеді. Бірақ мен дәрігер болғандықтан эвтаназияға қарсымын» деп ойын білдірген екен.

Қазақстан эвтаназияны заңды түрде рұқсат етпейтіні анық. Себебі, біздің елімізде «Эвтаназия» тақырыбы төңірегінде әртүрлі қарсы аргументтер қалыптасқан. Тіпті, біздің менталитетіміз де эвтаназияға қарсы. Ал келесі бір нақты аргумент ол – дәрігер ролі. Гиппократ антын қабылдап, ақ халат кигендердің барлығы да кез келген жағдайда да, кез келген аурумен соңына дейін күресуі керек. Әйтпесе, дәрігерлерге деген теріс көзқарас қалыптасады. Немесе, дін тұрғысынан қарайық. Қазақстан халқының 90%-ы ислам және христиан дінін ұстанады. Ал бұл екі дін де эвтаназияны адам өлімі ретінде, күнә есебінде қарастырады. Қазақстан Республикасының Ата заңы бойынша «халық – мемлекеттің басты байлығы». Демек, мемлекет азаматтарына эвтаназияны заңды түрде рұқсат етпесі анық.

Алайда, Қазақстаннан жыл сайын Бельгияға, Германияға емделмейтін аурумен ауратын науқастар «тыныш өлім (эвтаназия)» үшін кетіп жатады. Қазақстан медицинасы жылдан жылға дамып келе жатыр. Бірақ Қазақстандағы көптеген азамат емделмейтін аурумен аурады және өздерінің өлетін уақытын күтумен өткізеді. Осындай жағдайларды көргеннен кейін

Қазақстанда да 2 түрлі ой қалыптасады. Сондықтан бұл тақырыпта кеңестер өткізіп, көпшілікпен бірге талқылап, ортақ бір шешімге келу керек деп ойлаймын.

Адами, рухани тұрғыдан алып қарағанда эвтаназияға рұқсат берген елдердің ішінде мұсылман мемлекеті жоқ. Ал Ислам діні бұл процеске түбегейлі қарсы. Адамның өмірін сарапқа салатын біз ешкім де емеспіз. Тағдыр атаулы Жаратқанның иелігінде. Қорыта келгенде, тақырыбымыздың түйінінде екі ой қалыптасады. Бірі «Айықпас дертке шалдыққан, халі мүшкіл адамды қинаудың қажеті жоқ» деген болса, екіншісі «Адамның өмірін қиюға еш-кімнің құқығы жоқ, тіпті өзінің де. Өйткені ол мұсылмандық діни-нанымға сай емес» деген ой туындайды. Әрине, әр адамның өзіндік пікірі бар, бір адамның ойы бүкіл халықтың көзқарасы дегенді білдірмейді. Тұлғалық ой, тұлғалық сана түрлі деңгейде болатынын ескерсек, қилы-қилы көзқарас-тарға тап боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.

2. Әубәкір.А. (2012, Oct 29). Эвтаназия дұрыс па әлде бұрыс па?. Retrieved from <http://kaznmu.kz/эвтаназия-дұрыс-па-әлде-бұрыс-па/>

3. Поленова,Т . (2012, 08 26). ЭВТАНАЗИЯ. АКТ МИЛОСЕРДИЯ ИЛИ... УБИЙСТВО?.

4. Каримова ,Д. (2013, March 18). Эвтаназия: быть или не быть?.

5. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексі 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV (10.07.2012 ж. өзгерістер және толықтырулармен) – Астана, 2012. – 141-бап.